

Г.Х.Әбдірахманова, Б.А.Қалиев, А.С.Жарылғапова

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті
(E-mail: anar_11.82@mail.ru)**Профессор Т.Р.Қордабаев еңбектеріндегі тіл білімінің кейбір мәселелері**

Мақалада белгілі тілтанушы, ғалым Төлеубай Рақымжанұлы Қордабаевтың қазақ тіл білімінің көптеген өзекті мәселелерін көтеріп, ғылымға қосқан үлесін дәлелдейтін еңбектеріне шолу жасалды. Қазақ тілі, тіл тарихы, графика мен орфография, тіл білімінің басқа да мәселелері бойынша пікірлері, тұжырымдары, теориялық зерттеулері мен іргелі еңбектері сөз болды. Мақала авторлары ғалымның әр кезеңде шыққан ғылыми басылымдарындағы тың, соны тұжырымдарының қазақ тіл білімінің, оның кейбір салаларының дамуына қаншалықты маңызы болғандығын дәлелдеуге талпынды.

Кілт сөздер: зерттеуші, тіл білімі, қазақ тіл білімі, морфология, синтаксис, грамматика, грамматикалық категориялар, шақ категориясы, сөйлем, құрмалас сөйлем, мәтін, күрделі синтаксистік тұтастық.

Академик Р.Нұрғалидің сөзімен айтатын болсақ, «ғылыммен таза академиялық тұрғыдан айналысқандардың» қатарында саналатын профессор Т.Р.Қордабаевтың есімі көпшілікке мәлім. Тілтанудың қай саласында болсын өз сөзін айтқан ғалым екеніне артында қалған еңбектері дәлел. Атап айтатын болсақ, тілдің жалпы теориясы, тілді оқыту мәселелері, қазақ тілінің морфологиясы, қазақ тілінің синтаксисі, қазақ тілінің және әдеби тілдің тарихы, түркітану және қазақ тіл білімінің тарихы сияқты мәселелермен айналысқан зерттеушінің мол мұрасы бүгінде ғылым игілігіне қызмет етуін жалғастыруда.

Ғалымның алғашқы ізденістерінің нәтижесі қазақ тіліндегі етістіктің шақтары туралы кандидаттық диссертациясы болып табылады. Кандидаттық диссертация негізінде жазылған «Қазіргі қазақ тіліндегі шақ категориясы» [1] атты монографиясында Т.Р.Қордабаев қазақ тіліндегі шақ категорияларын жан-жақты талдап, етістік шақтарының жіктелуін ұсынады. Жалпы етістік қазақ тілінде ауқымды, күрделі сөз табы болғандықтан, оның проблемалық мәселелері де аз емес. Сондықтан ғалым еңбегінде етістік етістік екендігін көрсететін грамматикалық көрсеткіштерді сипаттай келе, жалпы категория, грамматикалық категория дегендерді түсіндіреді. Етістіктің ең басты белгісі — сөйлемде іс-әрекетті білдіруі болса, оның келесі белгісі — шақтық қасиеттің етістіктің табиғатына қаншалықты қатысы бар екендігінде дегенді айта келіп, «шақ категориясы — етістікке тән категория. Ол етістікті басқа сөз таптарынан бөліп көрсететін басты белгінің бірі. Ал етістіктің жаққа бөлінуі немесе жақталуы етістік біткеннің барлығына ортақ қасиет бола алмайды» [1; 40] деп қорытады.

Етістіктің сөз табы ретінде табиғаты өте күрделі. Себебі ол іс-әрекетті білдіретін сөздерден ғана емес, есім сөз таптарына түрлі қосымшалардың жалғануы арқылы да жасалады. Ал егер етістік не баяндауыш есім сөздерден болса, шақ мәселесі қиындық туғызуы мүмкін. Сондықтан ғалым «қазақ тіліндегі шақ категориясы етістікке, дәлірек айтқанда, етістік баяндауыштарға тән категория деп қарауымыз керек» [1; 39] деп нақтылай түседі. Осылайша кейбір ғалымдардың айтуындағы қазақ тіліндегі есім баяндауыштар да шақты білдіретініне қарсылық білдіреді.

Профессор Т.Р.Қордабаевтың «Қазіргі қазақ тіліндегі шақ категориясы» атты еңбегіндегі пікірлері мен тұжырымдарын қорытындылай келгенде, етістік шақтарының жіктелуі кестесінде берілген етістік шақтары мен оның өзіндік түрлерінің «Қазақ грамматикасында» [2] берілген етістік шақтары түрлерінің арасында айтарлықтай айырмашылықтар жоқ екендігін байқауға болады. Екеуінде де етістіктер үш шаққа бөлінген (*осы шақ, келер шақ және өткен шақ*), бірақ шақ түрлерінің іштей жіктелуі барысында кейбір түрлері басқа терминмен (мәселен, *жалпы осы шақ, айғақты/айғақсыз өткен шақ, сенімді/сенімсіз келер шақ*) аталғанын айта кету керек.

Зерттеуші Т.Т.Пірімбетовтің айтуынша, соңғы жіктеу бұрын-соңды зерттеулердің іріктеліп, сұрыпталып, бұл жайында айтылған ой-пікірлердің қорытындысы болса, жарты ғасырдан астам уақыт бұрын жасалған профессор Т.Р.Қордабаевтың шақтық жіктелу кестесі жалпы етістіктерді грамматикалық көрсеткіштеріне қарай емес, контекстік мағынаға сүйенудің нәтижесінде пайда

болған. Сондықтан автор етістіктің шақ категориясына арналған бұл еңбегінде «контекстік мағынасыз шақ мәселесін сөз етудің қажеті жоқ» екенін ескертіп отырады [3].

XX ғасырдың 60-жылдары Т.Р.Қордабаев синтаксис саласында талмай еңбек етіп, 1961 жылы шыққан «Қазіргі қазақ тілі. Синтаксис» [4] атты оқулықтың құрмалас сөйлем бөлімінің авторы болады. Құрмалас сөйлемнің көптеген мәселелерінен хабар беретін бұл зерттеу кейін толықтырылып, үш рет басылған. Еңбекте құрмалас сөйлемді классификациялап, оның компоненттерінің бір-бірімен байланысу тәсілдерін айқындап береді. Ғалымның сөзімен айтсақ, «салаластың, сабақтастың әр түрінің қалай жасалатыны, қандай тәсілдер арқылы құрмаласатыны нақты тілдік фактілер негізінде қарастырылған». Бұған дейін төртке бөлініп келген салаласты зерттеуші сегіз мағыналық топқа *мезгілдес салалас, қарсылықты салалас, себеп-салдар салалас, талғаулы салалас, түсіндірмелі салалас, кезектес салалас, салыстырмалы салалас, шартты салалас* деп бөліп, жасалу жолдарына қарай жалғаулықты-жалғаулықсыз деп топтайды [4; 79, 80]. Сабақтас құрмалас сөйлемнің де өзіндік белгілерін нақтылап, компоненттерінің бір-бірімен байланысу тәсілдерін көрсетеді. Сабақтас құрмалас компоненттерін байланыстырудағы етістіктің көсемше, шартты рай, есімше тұлғаларының қызметін ерекше атап, ғылыми тұрғыдан дәлелдейді.

Синтаксистің «мәтін», «күрделі синтаксистік тұтастық» деген бірліктерін қазақ тілінде алғаш атап, оларды зерттеу мәселесін көтерген ғалымның «Тарихи синтаксис мәселелері» деген еңбегі болатын [5]. Егер зерттеуші құрмалас сөйлем мен синтаксис теориясымен түбегейлі айналыспаса, синтаксистік тұтастыққа өз көзқарасын білдірмеген болар еді, оны зерттеуге ден қоймаған болар еді, оның тілдік фактор ретінде кездесетініне де назар аудармаған болар еді. Демек, бұл жаңалықты ғалымның бірнеше жылдық ізденістерінің жемісі, ғылыми нәтижесі ретінде қарастыруға болады. Қазақ тілінде күрделі синтаксистік шумақтар проза жанрында да, поэзия жанрында да кездесетінін Абай өлеңдерінің, «Қозы Көрпеш — Баян сұлу», «Қобыланды батыр» жырларының материалында дәлелдейді. Бұл пікірдің дұрыстығын кейінгі толқын зерттеушілерінің, тілші ғалымдардың еңбектері дәлелдеп отыр. М.Серғалиевтің пайымдауынша, Т.Қордабаев «синтаксистік күрделі бірлік» деген атауды ұсынған. Бірақ қазіргі кезде «синтаксистік тұтастық» деген терминнің қалыптасып, тұрақтағандығы баршамызға белгілі.

Ғалымның XV–XIX ғасырлар материалдары арқылы, әсіресе «Жамиғ-ат тауарих» пен «Шежіре түрк» тарихи шығармалар негізінде *септік жалғаулар синтаксисі, демеулер синтаксисі, жалғаулықтар синтаксисі* деп саралауы өз уақытында соны жаңалық болғаны сөзсіз. Қазірде де бұл мәселе өзектілігін жоғалтқан жоқ деуге әбден болады. Себебі аталған салалар кем дегенде екі тілдік бірлікті байланыстырудың басты амалдары болып табылады. Қазіргі уақытта құрмалас сөйлемнің мағыналық топтары барынша жетілді, дамиды, құрмалас сөйлем бөліктеріндегі интонациялық жік, оны салаластыру және сабақтастыру, жеке шылаулар мен баяндауыш тұлғаларының қызметі де біршама нақтыланды. Қалай дегенде де, олардың барлығы өз бастауын Т.Қордабаевтың еңбектерінен алады.

Профессор Т.Қордабаев қоғамның өзгеруіне қарай тіл салаларының да өзгеретінін айта келе, «тілдің синтаксистік құрылысы онша өзгерімпаз құбылыс емес. Тіл фактілері оның ұзақ жасайтын тұрақты категория екендігін байқатады» дейді [5]. Бұл салада да ғалымның сіңірген еңбегі зор екендігіне тағы да көз жеткіздік.

1966 жылы жарық көрген «Қазақ жазбалары тілінің синтаксисі» атты монографиясында жазба ескерткіштер тілінде құрмалас сөйлемдердің жай сөйлемдерге қарағанда сирек кездесетінін айтып, оларды құрмаластың салалас және сабақтас түрлеріне топтастырады. Олардың жасалу жолдарын, мағыналық қатынастарын ажыратып, қазіргі кездегі құрмалас сөйлем түрлерімен салыстырып, ұқсастық-айырмашылықтарын көрсетеді [6]. Монографиялық зерттеуді құрмалас сөйлемнің қалыптасу және даму жолдарын қарастыру барысында өзіндік орны бар еңбек деп бағалауға негіз бар.

Өткен дәуірлердің бір кезеңінде жазылып қалған материал тілінің қазіргі тілімізге сай келмеуі табиғи құбылыс екендігін айта отырып, қазіргі әдеби тіліміз тұрғысынан алғанда жат көрінетін, бірақ ертеректегі жазбаларымызда жиі қолданылған көне формалардың, көне шылаулардың, синтаксистік көне конструкциялардың басқа түркі тілдерімен қатар бір кездегі қазақ тілі үшін де өз элементі, өз тумасы болуы әбден ықтимал деп жорамалдайды. Автор қазіргі қазақ тілінде қолданылатын *мәселенки, егерки, мінеки, кәнеки, бәлки* сияқты сөз соңындағы *-ки* көне жазуларда жиі кездесетін сабақтастырушы жалғаулығының қалдығы екенін, *болашақ, келешек, барашақ, берешек* дегендердегі *-ашақ, -ешек* қосымшалары көне жазбалардағы *-ажсағ, -ежсег* дегендердің өзгерген түрі екенін, көне

жазуларда жиі кездесетін *-ық, -ік* қосымшалары да «*Ұлық болсаң, кішік бол*» деген сияқты конструкцияларда әлі де болса кездесетінін дәлелдей отырып, бұны қазақтың жазба тілінің, әдеби тілінің қалыптасу тарихындағы бір кезеңі, бір дәуірі екендігін ескеруіміз тарих үшін де, тіліміз үшін де маңызды деп қорытындылайды.

Осы тұста ғалымның әдеби тілдің, қазақтың әдеби тілінің тарихына арналған мақалалары мен зерттеулері де өз алдына арнайы сөз студі қажет ететінін ескертеміз. Олар жайында басқа мақаламызда кеңінен айтылғандықтан, бұл жерде Т.Қордабаевтың графика мен орфографияға қатысты ойын келтіруді жөн көрдік. Жазуымыз қандай әліппеге негізделуі керек деген мәселе бойынша «кириллицаға негізделген қазіргі әліппеміздің өзі халықтарды орыстандырудың бір әрекеті екені рас. Бірақ халқымыздың мәдени тарихында қолданылған төрт түрлі әліппенің төртеуі де («А.Байтұрсынов реформалаған араб графикасына негізделген жазу», «Құлпытасқа түскен ізінен басқа ештеңесі жоқ көне түркі әліппесі», «Есіңнен тандырарлық кереметі бар латын әліппесі» және кириллица) қазақ халқы үшін де, басқа түркі халықтары үшін де бұрыннан болған жазуларға негізделген туынды әліппелер. Түркі халықтары, олардың ішінде қазақтар да ол әліппелерді өз тілдерінің дыбыстық жүйелеріне лайықтап қолданды. Сондықтан әліппе таңдауда оның шыққан тегін басшылыққа алу — адасқандық» дей келе, «жарты ғасырдан астам уақыт бойында мәдени, рухани өміріміздің барлық санасына әбден сіңісіп, берік орныққан, халқымызды жаппай сауаттылыққа жетілдірудің, ғылым, білімімізді, әдебиетіміз бен өнерімізді дамытудың ең тиімді де сенімді құралы болып келе жатқан жазуымызды өзгерте салу оңай шаруа еместігін» ескертеді. Өйткені «қазіргі әліппемізбен жарық көрген ұшан-теңіз тарихи, мәдени, ғылыми мұраларымыздан болашақ ұрпақтарымызды тағы да, үшінші рет, мақұрым қалдырмаймыз ма? Үшінші рет халықты сауатсыздыққа душар етпейміз бе?» деген сауалдар арқылы бүгінде өзекті де өткір мәселелердің қатарында тұрған әліпбиді өзгерту/өзгертпеу туралы мәселеге өз көзқарасын білдіреді.

Тағы бір соны, тың туынды ретінде 1975 жылы жарық көрген «Тілдің структуралық элементтері» [7] атты зерттеуінде ғалымның сөйлемнің тиянақты ойды емес, жеке ойды білдіретіні туралы пікірі өз дәлелін тапқан.

Өз зерттеулерінде ғалым А.Байтұрсыновты ерекше өнеге тұтқан: «Ахаң еңбектерінсіз ғылымымыз тарихы туралы мәнді бірдеңе айту жалғандық болар еді» деп Ахмет Байтұрсынов тағылымын тарқатып отырады [8]. Өйткені құрмалас сөйлемдерді мағыналық саралау алғашқы тілтанымпаз А.Байтұрсынов ілімінде болғаны сөзсіз. Т.Қордабаев та ұлы ғұлама тілтанушы А.Байтұрсыновтың құрмалас сөйлем түрлеріне қатысты тұжырымдарына сүйенеді.

Сонымен қатар Т.Қордабаев қазақ тіл білімінің ғылым ретінде қалыптасу, даму жолында еңбек еткен, құнды зерттеулерімен із қалдырған ғалымдардың бірі. 1991 жылы жарық көрген «Қазақ тіл білімінің мәселелері» еңбегі 1995 жылы толықтырылып, өңделіп «Қазақ тіл білімінің қалыптасу, даму жолдары» деген атпен шығады. Бұл еңбектерде ғалым тілдің грамматикалық құрылысына, оның ішінде морфологияға қатысты мәселелерді жеке қарастырады. Тіліміздегі сөздерді топтастыру мен таптастырудағы ұстанымдар мен заңдылықтарды анықтау — морфологияның басты мәселелерінің бірі екені анық. Т.Қордабаев та осы мәселеге қатысты ғылыми еңбектерге шолу жасай отырып, сөз таптары деген мәселенің А.Байтұрсыновтың 1914 жылғы «Тіл құралы» еңбегінен бастау алатынын айтады. Қазақ тіліндегі сөздерді тапқа бөлуді грамматика мен грамматикалық категорияларға қатысты жалпы лингвистикалық мәселелер тұрғысынан шешу қажеттілігін ескертеді [9].

Т.Қордабаевтың тұжырымдауынша, қазақ тілін зерттеген түрколог-ғалымдардың ешқайсысы бұл кезеңде, біріншіден, сөздерді таптарға бөлуде қандай принциптерге сүйену керектігін сөз еткен жоқ; екіншіден, олардың барлығы да қазіргі терминология бойынша шылау сөз деп аталып, бір ғана топқа жатқызылып жүргендерді *союз, послелог, частица* деп үш түрлі сөз табы ретінде қарайды; үшіншіден, олардың барлығы да сөз таптарының атын атап, төрт-бес мысал келтіруден, әр сөз табына тән морфологиялық кейбір формаларды атаудан ұзамады.

Қазіргі грамматикамызда сөздерді таптарға бөліп топтастыру, яғни сөз таптарының лексика-грамматикалық қызметі жағынан жіктелуі біршама жүйеленіп, бір негізге түсірілген. Дегенмен әлі де шешімін таппаған даулы мәселелер жоқ емес. Ғалымның «тіл грамматикасының сыры ешқашан да таусылмайды, ол толық ашылып сарқылмайды да. Оның алды ашық, сыры терең. Тіл грамматикасын зерттеудің ғасырдан ғасырға, ұрпақтан ұрпаққа созыла, жалғаса беретіні де сондықтан» [9; 94] деуі тілдің үнемі даму үстінде болатын құбылыс екендігін дәлелдей түссе керек.

Қазақ тіл білімі саласында қомақты еңбек еткен ірі тұлға, профессор Т.Р.Қордабаевтың лингвистикалық мұрасының аз ғана бөлігіне шолу жасау барысында оларда қарастырылған

мәселелердің ғылым үшін маңызын терең түсіне отырып, бүгінде де өзектілігін жоғалтпағанын, жалғасын тауып зерттеліп жатқанын айтқымыз келеді.

Әдебиеттер тізімі

- 1 *Қордабаев Т.Р.* Қазіргі қазақ тіліндегі шақ категориясы. — Алматы: Қазақ мемл. оқу-пед. баспасы, 1953.
- 2 *Қазақ грамматикасы.* — Астана: Елорда, 2002. — 122-б.
- 3 *Пірімбетов Т.Т.* Шақ категориясы (Т.Р.Қордабаевтың «Қазіргі қазақ тіліндегі шақ категориясы» еңбегі негізінде). — Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2005. — 69, 70-б.
- 4 *Балақаев М., Қордабаев Т.* Қазіргі қазақ тілі. Синтаксис. — Алматы: Мектеп, 1966. — 176 б.
- 5 *Қордабаев Т.* Тарихи синтаксис мәселелері. — Алматы, 1964. — 19-б.
- 6 *Қордабаев Т.* Қазақ жазбалары тілінің синтаксисі. — Алматы, 1966. — 19-б.
- 7 *Қордабаев Т.* Тілдің структуралық элементтері. — Алматы, 1975.
- 8 *Қордабаев Т.* Қазақ тіл білімінің мәселелері. — Алматы: Рауан, 1991. — 4-б.
- 9 *Қордабаев Т.* Қазақ тіл білімінің қалыптасу, даму жолдары. — Алматы: Рауан, 1995. — 175-б.

Г.Х.Абдрахманова, Б.А.Калиев, А.С.Жарылғапова

Некоторые вопросы языкознания в трудах профессора Т.Р.Кордабаева

В статье дан обзор научным исследованиям известного ученого лингвиста Толеубая Рахимжановича Кордабаева. Своими исследованиями ученый внес значительный вклад в развитие языкознания и, в частности, казахского языкознания. Его труды посвящены вопросам морфологии, синтаксиса, исторического синтаксиса, графики и орфографии, истории казахского литературного языка, а также многим проблемам грамматики. Авторами статьи проанализированы фундаментальные исследования и монографии профессора, отмечена их научность и новизна.

G.H.Abdrakhmanova, B.A.Kaliev, A.S.Zharylgapova

Some questions of linguistics in works of professor T.R.Kordabayev

In article the review is given to scientific researches and works of the known scientific linguist Toleubaya Rakhimzhanovich Kordabayev. The researches the scientist made the significant contribution to development of linguistics and the Kazakh linguistics. Its works are devoted to questions of morphology, syntax, historical syntax, graphics and spelling, history of the Kazakh literary language, and also many problems of grammar. Authors of article analyze basic researches and monographs of professor, emphasize their scientific character and novelty.

References

- 1 Kordabayev T.R. *Category of time in the Kazakh language*, Almaty: Kazakh state educational and pedagogical publ. house, 1953.
- 2 *Kazakh grammar*, Astana: Elorda, 2002, p. 122.
- 3 Primbetov T.T. *Kategoriya of time (on T.R work. Kordabayev «Category of time in modern Kazakh language»)*, Karaganda: Publ. house HAG, 2005, p. 69, 70.
- 4 Balakayev M., Kordabayev T. *Modern Kazakh language. Syntax*, Almaty: Mektep, 1966, 176 p.
- 5 Kordabayev T. *Problems of historical syntax*, Almaty, 1964, p. 19.
- 6 Kordabayev T. *Syntax of the Kazakh written monuments*, Almaty, 1966, p. 19.
- 7 Kordabayev T. *Structural elements of language*, Alma-Ata, 1975.
- 8 Kordabayev T. *Questions of the Kazakh linguistics*, Almaty: Rauan, 1991, p. 4.
- 9 Kordabayev T. *Ways of development and formation of the Kazakh linguistics*, Almaty: Rauan, 1995, 175 p.